

АО "КАЗАХСТАНСКАЯ ФОНДОВАЯ БИРЖА"

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2016 жылдың 04 қазаны

2016 жылдың 04 қазанында "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) "KEGOC" АҚ үшін "Эмитент күнін" өткізді.

Қазақстан қор биржасында "Эмитент күнін" өткізу мақсаты инвесторлардың эмитенттерге қызығушылығын арттыру және акционерлермен кері байланыс орнату болып табылады.

KASE Басқармасы Төрағасының орынбасары А.Ю. Цалюктің сөзіне қарағанда KASE биржаның бағалы қағаздары өтімді болып табылатын барлық эмитенттері үшін және тиісінше мәселелері туындауы мүмкін инвесторларда тұрақты негізде осындай іс-шаралар өткізуді жоспарлап отыр".

Іс-шараға "KEGOC" АҚ өкілдері, "KEGOC" АҚ акцияларының қазіргі маркет-мейкерлері: "Фридом Финанс" АҚ, "Банк Центр Кредит" АҚ еншілес ұйымы "BCC Invest" және "Цесна Капитал" АҚ қатысты. Сонымен қатар, кездесуде "Халықтық IPO" бағдарламасын жүргізуге белсенді ат салысқан брокерлік компания өкілдері және Қазақстанның іскер алдыңғы қатарлы БАҚ өкілдері қатысты.

"KEGOC" АҚ экономика жөніндегі басқарушы директоры, Басқарма мүшесі А.Т. Ботабеков компанияның 2015 жылға және 2016 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған жұмыс қорытындысы туралы баяндама жасады, 2016 жылға ағымдық жобалары мен болжамдық көрсеткіштері туралы, жалпы "KEGOC" АҚ даму жоспары туралы әңгімеледі.

Сонымен қатар, А.Т. Ботабеков: "Компанияның дивидендік саясатына сәйкес акционерлердің мүддесін ескере отырып, 2016 жылдың 28 қазанына жоспарланған акционерлердің жалпы жиналысында 2016 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша 6,5 млрд. теңге көлемінде акционерлердің дивидендін төлеу туралы мәселе, бір жай акцияға 24,93 теңгеден, яғни таза табыстың 40% құрағанын атап өтті".

2016 жылдың бірінші жартыжылдығына "KEGOC" АҚ бірінші жартыжылдықта электр энергиясын беру 18,5 млрд кВт құрады. 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында негізгі қызметтен түсетін табыс 61,9 млрд. теңге, яғни 2015 жылдың бірінші жартыжылдығына қарағанда 15,8% жоғары немесе 8,4 млрд. теңгені құрады.

"KEGOC" АҚ 2016 жылдың 30 маусымында бірінші жартыжылдыққа өзінің айналым мерзімі 15 жыл, жалпы сомасы 4 млрд. теңгеге 3,9 млн облигацияларын жылдық 18,6% – бен орналастырды.

####

Анықтама үшін

"KEGOC" АҚ Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің операторы қызметін атқарады, Ұлттық электр желісінің (ҰЭЖ) активтеріне ие және оны басқарады. Негізгі қызмет түрі – табиғи монополиялар саласына жатады. Компанияның балансында электр беру желісінің кернеуі 35–1150 кВ, ұзақтығы шамамен 24,9 мың шақырым және трансформаторлардың қуаттылығы 36,2 ГВА, ҰЭЖ құрайтын, 77 электр қосалқы бар. Компанияда 4,8 мың адам жұмыс істейді. Компания туралы нақты ақпарат www.kegoc.kz корпоративтік интернет-ресурсында жарияланған.

"KEGOC" АҚ – жай акциялары KASE Индексінің өкілеттік тізіміне енгізілген әрі Қазақстан қор биржасындағы өтімді болып табылатын ірі эмитенттердің бірі.

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) қаржы нарығында қызмет атқаратын, Орта Азия аймағындағы жетекші және Қазақстандағы жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо

нарығы құралдары, шет елдік валюта, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар нарығындағы, халықаралық қаржы институттары, сондай-ақ туынды құралдар облигациялары үшін әмбебап сауда-саттық құралы болып табылады.

KASE Халықаралық федерациялар биржасының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржасы Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. KASE 2015 жылы БҰҰ "Қор нарығы тұрақты даму үшін" атты бастамасына қосылды.